

Қаланың сол жағалауында тұрғын үйлер қатары көбейді. Атап айтсақ, өткен жылдан бастап шаһарда жана дизайнмен 7, 9, 12 қабатты үйлер бой көтеруде. Соңғы үш жылда облыс орталығынан 5600 пәтер беріліп, баспаналы болғандар қатары арта түскен. Ал өткен айда 280 пәтерлік 7 көпқабатты тұрғын үйге кезекте тұрған азаматтар қоныстанған еді.

КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАР БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ



Қала күні мерекесі қарсаңында сол жағалаудан 320 пәтерлік 4 көпқабатты тұрғын үй пайдалануға берілді. Баспанаға қол жеткізгендердің басым бөлігі – көпбалалы отбасылар.

Салтанатты шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев тұрғындарға пәтер кілтін табыстап, оларды қоныс тойымен құттықтады. – Сыр өңірінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен тұрғындарды баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік әлеуметтік саясат нәтижелі іске асырылуда. Соңғы үш жылда қаржыландырудың барлық көзінен облысымызда 2 млн 500 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Кезекте тұрған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер сатып алынып, 25 мыңға жуық тұрғын қоныстойын тойлады. Барлық аудан орталықтарында жаңадан салынған 1500-ге жуық пәтер табысталды. Биыл бюджеттен тұрғын үй құрылысы мен жеке салушылардан дайын 3800 пәтерді сатып алуға 58 млрд 785 млн теңге бөлінді. Қаржыландырудың барлық көзінен 870 мың шаршы метр тұрғын үй беріледі. Бүгін – мемлекет қолдауымен баспаналы болған әр отбасы үшін ерекше қуанышты күн! Жана басыналарыңыздың іргетасы берік, қабырғасы мығым, әр отбасының шаңырағы татулық пен берекеге толы болғай! – деді аймақ басшысы.

Іс-шарада тұрғын үй салған құрылысшыларға облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.

4-БЕТТЕ

■ ЖАҢА НЫСАН



ЫСТЫҚ НАННЫҢ ІІСІ

Қала күні қарсаңында жұртшылықты елең еткізген жағымды жаңалықтың бірі – «Қызылорда-нан» өндірістік кешенінің ашылуы. Салтанатты іс-шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, зиялы қауым өкілдері, ел ағалары мен қала тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев жиналған қауымды жаңа кәсіпорынның ашылуымен құттықтап, өңір экономикасына тың серпін беретін жобаның маңыздылығын атап өтті.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев: «Экономиканы әртараптандыруды тың қарқынмен жалғастыру керек. Ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті, терең өңделген өнім шығаруға басымдық берілуі тиіс», – деген болатын.

4-БЕТТЕ



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Аялаймын сені, Қызылорда!

■ ҚЫЗЫЛОРДА
АСТАНА
БОЛҒАНДА

11 қазан
сенбі

№77 (2189)

2025 жыл

апталығы

■ ҚАЛА ӘКІМДІГІНДЕ

Осы аптада Үкімет отырысында көлеңкелі экономиканың үлесін азайту жөніндегі Президент тапсырмасының орындалу барысы талқыланды. Үкімет отырысынан кейін облыс әкімінің төрағалығымен мәжіліс өтіп, онда «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жаңғырту» және «Көлеңкелі экономиканы төмендету шаралары туралы» мәселелер қаралды. Жиында көтерілген тақырыптар бойынша қала әкімдігінде шаһар басшысы Нұржан Ахатов алдағы міндеттерді пысықтады.

КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКА: АШЫҚТЫҚ ПЕН ТАЗАЛЫҚ МАҢЫЗДЫ



Көлеңкелі экономиканы төмендету – қаланың салықтық түсімдерін ұлғайту мен экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты шарты. Шаһарда көлеңкелі экономиканы азайту мақсатында кәсіпкерлерді салықтан жалтаруға қарсы және заңсыз бизнестен қорғау шаралары жүзеге асырылуда. Биыл 210 салық төлеушіден 2125 жасырылған жұмысшы анықталып, бюджетке 511 млн теңге қосымша түсім түскен. Сонымен қатар мақсатына сай пайдаланылмаған 25 жер пайдаланушыға салық мөлшерлемесі 20 есеге арттырылып, 22,3 млн теңге бюджетке өндірілген.

– Біз кәсіпкерлік және басқа да жылжымайтын мүлік нысандарына қайта бағалау жүргізуді жалғастыруымыз

керек. Сондықтан жұмыстарды шұғыл үйлестіріп, нысандарды толық түгендеп, қайта бағалау нәтижелерін салық базасына енгізуді қамтамасыз ету қажет, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Қызылорда қаласы бойынша «Д» санатында МӘМС-ті төлемеген адам саны жыл басынан 13997-ден 16199 ға өскен. Ал «Е» санаты бойынша 6426 дан 6680-ге артқан. Бұл бағытта тиісті бөлімдер және кент, ауылдық округ әкімдіктері бірлесіп, жыл соңына дейін «Д», «Е» санатындағы азаматтардың санын азайту бойынша жұмыс жүргізілмек.

«Ақмешіт-ақпарат»



«Әйел теңдігі» журналы қазақ әйелдерін білімді болуға үндеді

Қызылорда астана болған жылдары қаржы, маман тапшылығы секілді қиындықтарға қарамастан қазақ баспасөзінің саны артты. Ғалым Сағат Тайманов «Қызылордадағы қазақ баспасөзі және кеңестік биліктің ықпалы» атты мақаласында мынадай деректерді келтіреді: «1925 жылдың жазында барлық республикалық газеттер жаңа астана – Қызылордаға көшірілді. Қаражаттық қиыншылыққа қарамастан осы жылдың 1 қазанындағы мәлімет бойынша Қазақстанда шығатын газеттердің саны 31-ге жетті. Оның 13-і қазақ тілінде жарық көрді. Жылдың басында қазақ тілінде шығатын газеттердің жалпы тиражы 15000 болса, ал мамыр айында 34800 данаға жеткен. Ал барлық басылымның жалпы таралымы 80660 дана болды. Тек Қызылорда қаласының өзінен 1925-1929 жылдары республикалық 6 газет, 8 журнал шығып тұрды».

2-БЕТТЕ

■ МЕРЕКЕ МЕЗІРЕТІ



100 баланың өнері немесе күйдің күдіреті

қызу мен дүрілдеген екпінге, делебенді қоздыратын жігерге толы. Күйді нақышына келтіріп орындаған Тасбөгет кентіндегі №11, 257, 172, 176 мектеп оқушылары мен С.Майқанова атындағы мәдениет үйі жанындағы «Балбырауын», «Саламатты жастар» шығармашылық орталығының домбыра үйірмесінің өнерпаздары. Мұндай іс-шара келешекте де ұйымдастырылмақ, – дейді С.Майқанова атындағы мәдениет үйінің нұсқаушысы Сәнімкүл Қайыпбаева.

Қала күні мерекесі аясында күнде мерекелік іс-шаралар өтуде. Соның ішінде 100 баланың өнері қалалықтарды ерекше әсерге бөледі.

Ғайһар АСҚАРҚЫЗЫ

Қала күні қарсаңында 100 өрен бір мезгілде күй тартты. Күйдің күдіреті ме, әлде қазақтың өрімдей 100 баласының бір сәтте домбыра құлағында ойнағанының әсері болар осы бір әлемі көрініс кім-кімді де бейжай қалдыра алмады. Анығын айтқанда, С.Майқанова атындағы мәдениет үйінің ұйымдастыруымен Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына орай 100-ге жуық оқушы бір сәтте Құрманғазының «Балбырауын» күйін орындады. Тасбөгет кентінің өнерпаз ұландары ұлттық өнерді дәріптеп, домбыраны насихаттау арқылы осылайша қала тұрғындарына рухани азық сыйлады.

– Балалар мен жасөспірімдерді тегін үйірмелермен қамту, олардың бос уақытын тиімді өткізіп, өнерге деген қызығушылығын арттыру – біздің басты мақсатымыз. Қалаға қарасты Тасбөгет кентінде домбыра үйірмесіне қатысатын жүзге тарта оқушыны жинап, кенттің орталық алаңында бір мезетте күй орындатып, Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толуына орай тарту жасадық. Әдетте үйірмеге қатысушылар әуелі «Балбырауын» күйінен бастап үйренеді ғой, сондықтан күй атасының осы дауылпаз шығармасы таңдалды. Бұл күй от жалындай

№21 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына кандидат
Маштаев Абдибакир Ибрагимович



ӨМІРБАЯН

Маштаев Абдибакир Ибрагимович 1968 жылы 30 қарашада Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Аққыр ауылында дүниеге келген. 1987-1989 жылдар аралығында әскер қатарында борышын өтеген. Еңбек жолын 1986-1992 жылдары Аққыр совхозында құрылыс бригадасында шебер, 1998-2006 жылдары «Тұлпар» ЖШС-де жүргізуші, кейін коммерциялық директор, 2006-2010 жылдары ЖК «Алмешова Ж» директоры, 2010 жылы «Автобаз» мекемесінде директор орынбасары, 2010-2011 жылдары «Компания Көлік» ЖШС-де бригадир, 2011-2014 жылдары «Компания Көлік Сервис» ЖШС-де бөлім басшысы, 2013-2015 жылдары «Қатынас» ЖШС-де автокеруен басшысы, 2015-2017 жылдары «Алмешова» ЖК-де директор. 2017-2018 «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС-де маман, 2018-2021 жылдары осы мекемеде бөлім басшысы, 2021-2022 жылдары автокеруен басшысы, 21.01.2022-01.12.2022 жылдар аралығында әкімшілік-шаруашылық қызмет бөлімінің басшысы, 2022-2023 жылдары пайдалану бөлімінің басшысы, 2023-2024 жылдары директор орынбасары, 03.01.2024-22.10.2024 жылға дейін пайдалану қызметі бойынша бөлім басшысы қызметін атқарған. 2024 жылдан бастап «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС директоры қызметін атқарып келеді.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қалірілі жерлестер!
№21 сайлау округі бойынша бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихатының шығып қалған депутатының орнына өтетін сайлауда депутаттыққа кандидат ретінде бақ сынап көруге бел байладым.
Сайлауалды бағдарламада халықты толғандырып жүрген мәселелерді қамтуға тырыстық.
Қызылорда шаһары күннен-күнге көркейіп келеді. Кешегісі мен бүгінгісін салыстыра қарасақ, айырмашылығы жер мен көктей. Атан түйе көтере алмас қаншама жоба іске асты. Дегенмен шешімін күтіп тұрған мәселе аз емес. Сайлауалды бағдарламада алдағы уақытта шешімін табуы тиіс мәселелерді қамтуға тырыстым.
Қала мен ауылдық округтерде жол жөндеу жұмыстарының күшеюіне, ауызсумен қамту мәселесінің толық шешімін тауып, газдандыру жұмысының жалғасын табуына, мүгедектігі бар азаматтарды жұмысқа орналастыру, жастар тәжірибесін ұйымдастыру, кәсіптік оқыту курстарын өткізу сияқты шаралар нәтижесінде жастарды жұмыспен қамтып, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге ықпал етемін. Мемлекеттің беріп отырған қайтарымыз қаржысы арқылы қаншама көпбалалы отбасы, ерекше бала өсіріп отырған ата-аналар, мүгедектер кәсібін ашуда. Қаламызда әлеуметтік нысандар салу, мектептер мен ауруханаларды жаңғырту бойынша маңызды қадам жасауға ұйықты болсам деймін.
Мен бұл бағдарламада қағазға түсіріп алдында ерекше күтімді талап ететін балалармен және ата-аналарымен жеке-жеке сөйлесіп, көпшіліктің көкейіндегі нақты мәселелерді ұсындым. Мүмкіндігі шектеулі жандар қоғамда өз орнын тауып, өзгелермен тең дәрежеде араласуына, келергісіз ортада өмір сүруге толықтай құқылы. Ерекше

балалары бар отбасылар да қоғамның толыққанды мүшелері екенін алға тарта отырып, олардың құқықтары мен өмір сүру сапасының жақсаруына ықпал ету ел алдындағы азаматтық борышым деп білемін.
Ауызсу, аяқсу мәселесі де өте өзекті. Себебі әлемде су тапшылығы байқалауда. Осы ретте тұрғындардың денсаулығын жақсарту мақсатында, егін шаруашылығын дамыту үшін аяқсуды молайту бағытында су мамандарымен, мұраптармен кенесіп, тиімді жоба жасауға ықпал етсем деймін.
Қалаға қарасты ауылдарда мал шаруашылығын өркендетіп, ауылдықтардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында кәсіп түрін дамытып, жергілікті өнім түрін көбейту үшін мемлекеттік бағдарламалардың елде жүзеге асуына ықпал етемін.
Тұрғындардың қала мен ауылда қолайлы өмір сүруі үшін инфрақұрылымның толықтай жеткізілуі маңызды. Бұл орайда жылу, су, қоғамдық көлік, жарықтың халыққа сапалы жетуін қамтамасыз етуге тиімді жұмыс жүргізу үшін құзырлы мекемелермен бірлесе жұмыс жүргіземін. Өзіме таныс сала – қоғамдық көлік қызметінің сапасын одан әрі жақсарту түсуге атсалысамын.
Таза қалада өмір сүру мақтанш ғана емес, қажеттілік. Осы орайда туған қаламыздың тазалығын сақтауға, гүлденуіне туған жердің бір перзенті ретінде үлес қосамын.
Алдағы сайлауда халық маған сенім артып, қолдау білдірсе қаладағы түйінгі шешілмеген мәселелердің оң шешім табуына ықпал етіп, сайлауалды бағдарламаның орындалуы үшін аянбай қызмет етемін.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

ЕЛГЕ БОЛСЫН
ДЕЙТІН АЗАМАТ

Қызметте жүрген азаматтардың ішінде қай салаға барса да жан-тәнімен кірісіп, сол саланы жандандыруға білек сыбана кірісетін еңбеккер жандар болады. Сондай азаматтың бірі – Абдибакир Маштаев. Өзі білімді, тәжірибесі мол, білікті маман, ұйымдастырушылық қабілеті зор басшы. Үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білген Абдибакир Ибрагимұлының адамгершілігі, мәдениеттілігі туралы көп айтуға болады. «Жігітте де жігіт бар, азаматы бір бөлек» демекші оның азаматтығы, іскерлігі қай істе де жақсы нәтижесін көрсетіп келеді. Бүгінгі күнге дейін қай қызметте жүрсе де абырой биігінде болды, елдің алғысына бөленді. Енді қалалық мәслихат депутаты болсам деп талаптанып жатыр екен. Талабы оң болсын деймін. Депутат болып сайланса, ел сенімін ақтайтынына сенімдімін. Елге болсын дейтін азаматқа сенім артамын.

Берік СЕРГЕЙҰЛЫ,
Тасбөгет кентінің тұрғыны, әріптесі.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

Қызылорда қаласына қарасты елді мекендердің тұрғындарының назарына!

13.10.2025 жылы Ақсуат, Ақжарма, Талдыарал, Иіркөл елді мекендерінде;
14.10.2025 жылы Белкөл кенті, Бірқазан елді мекенінде;
15.10.2025 жылы Абай, Досан, Қарауылтөбе елді мекендерінде;
16.10.2025 жылы Қараөзек, Айнакөл, Талсуат елді мекендерінің ауыз су жүйелерінде жоспарлы күзгі жуу-шаю және запалсыздандыру жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауыз суды пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.
Анықтама тел.: 8(7242) 70-08-54, БИН: 191041027733.
«Қазсушар» РМҚ «Сыр суы» филиалының «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі.



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

Айнұр БАҚЫТҚЫЗЫ, тігінші:

ТАПСЫРЫС БЕРУШІНІҢ ЖАН
ДҮНИЕСІН ТҮСІНУГЕ ТЫРЫСАМЫН

Шағын ғана тігін шеберханасының есігін ашқан сәттен-ақ ерекше бір әдемі әлемге еніп кеткендей боласын. Тігінші Айнұр Бақытқызы ісмердікті кәсіп етіп келеді. Он саусағынан өнері тамған ісмердің жұмысына сұраныс көп. Соның нәтижесінде тігін шеберханасын ашып, кәсіп көзіне айналдырды.
– Тігін тігумен 25 жылдан бері айналысамын. Бұл өнер мен үшін жай ғана жұмыс емес, жүрек қалауым. Анам да тігінші болған, кішкентай кезімде оның жанынан шықпайтын едім. Ол маған тігін тігудің қыр-сырын үйретті, мені осы өнерге қызықтырып, шабыттандырды. Қазір той көйлектерін тіккенді ұнатамын. Әр көйлек өзінше ерекше және әр адамның арманындағыдай етіп тітуге тырысамын. Еңбегім елеңіп, тұтынушыға ұнаса шаршағанымды ұмытып кетемін, – дейді кейіпкеріміз.
Ол тапсырысты асықпай, ойланып отырып орындайды. Сапалы әрі сәнді киім тігу – шыдамдылыққа үйретеді. Айнұрдың бұл өнерін тұтынушылар да жоғары бағалайды.
– Бұл шеберханаға алғаш рет былтыр жазда келдім. Тойға арнайы көйлек тіктіргім келді. Дүкеннен таба алмаған сәнді үлгіні тігіншіге көрсеттім, ол еш қиналмастан дәл сондай, тіпті одан да әдемі етіп тігіп берді. Көйлекті кигенде өзімді ханшайымдай сезіндім. Тігісі тұзу, матасы жұмсақ, ең бастысы, өзіме құйып қойғандай болды, – дейді Салтанат Құдайбергенова.
Әңгіме соңында кейіпкеріміз көленердің сапасы әрқашан жоғары болатынын айтып өтті.
– Жіптің дұрыс тартылуы, матаның дұрыс кесілуі, өлшемнің дәлдігі осының бәрі тұтынушы көңілінен шығатын дүниеге айналуы қажет. Тапсырыс берушінің жан дүниесін түсінуге тырысамын. Қазір дайын киім дүкендері көбейіп, бәрін сатып алуға мүмкіндік болғанымен, тігілген киімнің құндылығы жоғары. Тігіншілік – бұл өнер. Оны жүрекпен жасау керек, – дейді ол.
Шеберханада бір сәт тыныштық орнап, тігін машинасының сыртғылдаған дауысы ғана естілді. Әп-сәтте тағы бір көйлек дайын болды. Көздің жауын алатындай әдемі көйлек тағы бір нәзік жанды қуантары сөзсіз.
Назерке БАҚЫТБЕК,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің 2 - курс студенті

ТАҒЗЫМ

XX ғасырдың басында дүниеге келгендер небір тауқыметті тартқаны белгілі. Орыс империясының «бұратана» халыққа көрсеткен зорлық-зомбылығы, Октябрь революциясының дүмпуі, большевиктердің бел алып Кеңес Одағының орнауы, тұрмысы түзу, малы бар ауқатты отбастарын қуғындап, мал-мүлкін тәркілеп, өздерін жер ауларудың аяғы ашаршылыққа ұласты. Ел бұл қиындықтарды еңсеріп, енді тіктеле бастаған кезде екінші дүниежүзілік соғыс басталып, Отан қорғау да осы азаматтарға жүктелді.
Осындай қиын-қыстау тар заманда ер-жетіп, ел азаматына айналған әкеміз Торғай Омарұлы 1907 жылы дүниеге келген екен. Туып-өскен жері – Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Интернационал ауылдық Советі (Абай ауылы). Көкем: «Көкем Омар 40 жасқа толар-толмаста ауырып, дүние салған, ол кезде мен 10 жаста едім», – деп отыратын. Өзі ауылда жүріп өскіше (араб әліпбиімен) оқып, сауатын ашқан, кейінірек мектептен 4 кластық қана білім алған. Ары қарай білім іздеуді армандағанымен, жақын жерде оқу да жоқ, әкенің жоқтығы да қолбайлау болған көрінеді. Содан еңбекке ерте араласып, қысқа мерзімді курсты бітіріп, есепші болып жұмыс істейді. Осы кездері бір ауылда тұрып жатқан, тұрмысы тәп-тәуір Шайеке деген кісіні «сен кулаксың, доулетінді жасырып отырсың, сені итжеккенге айдамамын», – деп қуғындаған белсендіден көкеміз ара түсіп құтқарған екен. Сонда ол кісінің қызы Гүлжәмиляны көріп, ұнатып, кейіннен онымен бас қосып, отбасын құрады.
1941 жылы соғыс басталғанда көкем Сырдария аудандық әскери комиссариаты арқылы әскерге алынған. Дайындық курсынан өткеннен кейін 1942 жылдың шілдесі айынан бастап атқыштар дивизиясы құрамында Ленинград үшін шайқасқа қатысып, қаланы блокадана азат ету мақсатында қан майданға қатысады. 1942 жылы «За обороно Ленинграда» медалімен марапатталған.
Көкем 376 атқыштар дивизиясының 82-ші батальонында миномет навочигі болып, осы сұрапыл соғыста бірнеше рет жаракат алып, ауыр жараланып ұзақ уақыт емделіп, өз дивизиясына қайта қосылады. «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясының 1994 жылы шығарған «Боздақтар» кітабында көкемің де аты-жөні жазылып, оны 1942 жылдың 25 қыркүйегінде қаза болды деп, тіпті жерленген жерін де көрсетіп қойыпты.
1945 жылы соғыс аяқталар тұста бұл жауынгерлер Финляндия жерін неміс басқыншыларынан азат еткен. Жоғарыдан түскен бұйрыққа сәйкес ендігі ұрыс Қиыр Шығыста жапондармен жалғасқан. Сонымен екі айға жуық мерзімде бұл соғыс та аяқталып, көкем елге 1945 жылдың соңында оралады. Сол жылдары ол коммунистік партия қатарына қабылданады. Майдандағы ерлігі үшін «За отвагу» (18.03.1944), «За боевые заслуги» (07.05.1944) медалімен марапатталған.
Соғыстан қайтқан солдаттарды тұрмыс-тіршілігі әбден жүдеген ел, балалары, ер-азаматтары майданнан оралмай, қайғы құшқан отбасылар, ашқұсрақ, кәрі-құртаң, жетім бала, жесір әйелдер қарсы алды. Сондықтан бұл майдангерлердің алшан басып, жеңіс тойын тойлауға мұршасы да болмады. Ел экономикасын көтеру, халықтың әл-

ауқатын жақсарту мақсатында білек сыбанып жұмысқа кіріскен. Көкем соғыстан кейін де білімін жетілдіре түскен. Оны біз ол кісінің әріптестерімен түскен суреттерінен білеміз.
Жергілікті партия комитеті көкемді әр 2-3 жылда экономикасы тұралап қалған колхоздарды көтеруге жұмсап отырған көрінеді. Көкем Сырдария ауданының біраз шаруашылықтарында, атап айтқанда Жүзкөл, Жыңғылдыкөл ауылдық советтері, Айдарлы, Бірінші Май, Қазақстанның отыз жылдығы, Абай атындағы, Ленин атындағы колхоздарда ауылдық кеңестің төрағасы, партия ұйымының басшысы, басқарма бастығы не орынбасары сияқты қызмет атқарады. Осы қызметтерде жүріп көкем өзінің орнықты мінезі, ұйымдастыру шеберлігі, ру аралық араздықтарды бәсеңдетіп, шаруашылық жайын жақсартып, елдің әлеуметтік жағдайын көтеруге атсалысып, нәтижелі жұмыс істейді.



Айдарлы колхозында қатар жүріп, бірге қызмет істеген әріптесі, еңбек ардагері Төлеген Дүйсебековтің «Туған жер, өскен өңір» атты естелік кітабында: «1956 жылы ауылда колхоз бастық Бабаб Жөкенов, ауылдық совет председателі Торғай Омаров еді. Мен партгор болып сайландым. Ауылдық Советтің председателі Торғай Омаров көпті көрген, тәжірибелі, жылы жүзді, сөзі мол, халықпен тіл табысып жұмыс істейтін, тапсырған іске жауапкершілікпен қарап, тындырмай тынбайтын кісі болды», – деп жазды.
Коммунистік партияның нұсқауымен шаруашылықты басқарудың түрлі реформалары жүзеге асып жатты. Соның бірі – ұсақ колхоздарды біріктіріп, ірілендіру негізінде совхозға айналдыру. Осы мақсатпен 1959 жылдың күзінде көкеме Сырдария өзенінің арғы бетіндегі үшінші ауылға – Ленин атындағы колхозға төраға орынбасары қызметіне баруға ұсыныс жасалыпты. Бұл колхоз негізінен мал шаруашылығымен айналысады екен. Сонымен, тағы да көшіп-қону басталады. Мектепке баратын үш баласының екінші тоқсанды аяқтауын күтіп, анам үйде қалады


да, көкем бірер ай колхоз үй бергенше бір өзі сол жақта болды. Жаңа жылдан кейін колхоз орталығынан үй беріліп, көшіп бардық. Біздерді мектепке орналастырды. Бұл бесінші рет мектеп ауыстыруымыз еді. Жаңа жерге, жаңа ортаға үйреніп кетудің өзі оңай нәрсе емес екені белгілі.
Елі үшін тер төгіп, қажыр-қайратын амай қызмет істеген білікті азаматтардың еңбегінің арқасында колхоздың жағдайы жақсырып, мал басы көбейеді. Көп ұзамай біз тұрған колхоз маңайындағы майда шаруашылықтарды қосып алып Аманкелді атындағы совхозға айналды. Бұл 1962-1963 жылдары еді. Осындай шаруалардың басы-қасында болып, аянбай еңбек еткен сол ауылдың азаматтарының қатарында біздің әкеміз болды.
Совхоз негізінен қаракөл қойын өсірумен айналысып, облыс, аудан көлемінде алдың-

жұмыс қолы көбейіп, совхозға үлкен көмек болды. Мал шаруашылығының, оның үстіне қой өсірудің өзіндік ерекшеліктері бар ғой. Күзде қой қырку, қыстық жем-шөбін дайындау, көктем шыға мал төлдету, төлдерді сұрыптап, елтіріге дайындау, көктемгі қыркым, әртүрлі аурудан сақтандыру, әр шопандарға жайылымдық жер бөліп, сумен қамтамасыз ету сияқты жұмыстар жоспарлы түрде атқарылады. Сондықтан шаруашылық басшылары, әсіресе, көкем комсомол жастар бригадасының бұл бастамаларына қуанады. Ұлына өз білгенін үйретіп, тәжірибесін бөлісіп, еңбекке баулады.
Әкесінің арманымен ауыл шаруашылығы маманы болуды көздеген Жәнісбек бір жыл еңбек еткен соң, 1964 жылы Алматы зооветеринарлық институтының зоотехникалық факультетіне оқуға түскенде қатты қуандық. Көкем кейін денсаулығына байланысты

жөнілдеу болар деп депгидротехниктік жұмысқа ауысты. 1969 жылы зейнетке шықты. Уақытының көбі емделумен өтті. «Айналырдың ауру алмай қоймайды» дегендей, көкем 1970 жылдың 16 наурызында 63 жасында дүниеден озыды. Содан бері де елу бес жыл өтті. Өзі ұзын бойлы, қызыл шыр айлы, сымбатты, мінезі жайлы, көп сөзге жоқ, сыпайы, елге де сыйлы, қатар жүрген замандастарына қадірлі, әрдайым сабырлы қалпынан айнымайтын болмысы әлі көз алдымда.
Көкем көпбалалы отбасы болуды армандаған екен. Сол арманы орындалып, анам екеуі бес ұл, төрт қыз тәрбиелеп өсірді. Көкемің тағы бір арманы балаларының бәрі жоғары білім алып, саналы азамат болып, өмірден өз орнын табуы, ел қатарына қосылуы еді. Бұл да жүзеге асты.
«Әке асқар тауын, анаң қайнар бұлағын» дегендей, әкем өмірден өткен соң анама арқа сүйедік. Ол әке отбасындағы тәрбиесін жалғастырып, әке атына қыр келтірмей, лайықты, тәрбиелі перзент болуымызды талап етті.
Ата-анамыздың мейірім шуағының, тәрбиесінің, қамқорлығының арқасында бәріміз де саналы түрде ер жеттік, білім алдық. Отбасын құрып, үйлі-баранды болдық. Өмір болған соң қуаныш та, қайғы да қатар жүреді. Сіңлім Маржан жол апатынан 23 жасында, мұнай саласында жұмыс істеп жүрген Бақытжан бауырым 46 жасында қаза болды.
Сөз соңында ата-анамызды сағынышпен еске алып, олардың өмір сүрген ортасын, көрген қиындығын, өңегелі ісін зерделегенде, ол кісілердің еліне деген сүйіспеншілігі, халыққа адал қызмет етіп, ауылдастарының тұрмыс жағдайын жақсарту үшін жасаған ерен еңбегі және өмірге деген құштарлығы, сынаққа төзімді болып, сабырмен қарауды үйреткенін тағы да еске алып, ешкімнің ала жібін аттамай, адалдықты серік етіп күні бүгінге дейін өмір сүріп келеміз. Бұл – көкеміз мен анамыздың басты аманаты.

Алтынкүл ТОРҒАЕВА,
ветеринария ғылымдарының кандидаты, еңбек ардагері

«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

ҚЫРЫҚ
БЕСІНШІ
ҚАРА СӨЗ

Қ ұ д а й
та б а р а к а
у а т а ғ а л а н ы н
барлығының
үлкен дәлелі
– неше мың
жылдан бері
әркім әр түрлі
қылып сөйлесе
де, бәрі де бір үлкен
құдай бар деп келгендігі,
у а һ ә м неше мың түрлі
діннің бәрі де ғаделет,
махаббат құдайға
лайықты дегендігі.

АБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ – 180

Біз жаратушы
емес, жаратқан көлеңкесіне қарай білетұғын
пендеміз. Сол махаббат пен ғаделетке қарай
тартпақпыз. Сол алланың хикметін біреуден
біреу анығырақ сезбекпен артылады.

Инандым, сендім демек инандырамын,
сендіремін деген емес.

Адамшылықтың алды – махаббат, ғаделет,
сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ,
кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан
тәңірінің ісі. Айғыр биеге ие болмақта да
махаббат пен сезім бар.

Бұл ғаделет, махаббат сезім кімде
көбірек болса, ол кісі – ғалым, сол – ғакіл.
Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз,
жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз,
көзбен көріп, ақылмен біліп.

КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАР
БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Мереке қарсаңында тамаша
тартуға ие болған тұрғындардың
қуанышы шексіз. Олар мемлекет
тарапынан көрсетіліп жатқан кө-
мекке ризашылығын білдірді.

Қала тұрғыны Малика Жүсіпәлі
осыдан 13 жыл бұрын тұрғын үй
кезегіне тұрған. Сол уақыттан
бері баспанасын күтіп жүрген ол
жақында қоныс тойын тойлады.

– Потер кілтін алып, ерекше
қуанышка бөлендік. «Өз үйім –
өлен төсегім» демекші, әркімнің
де өз баспанасы болғанға не
жетсін! 3 бөлмелі жаңа баспана-
ға қол жеткіздік. Бүгінде еліміз-
де әлеуметтік осал топтағы азаматтарды
баспанамен қамтамасыз ету үшін мемлекеттік бағдар-
ламалар жүзеге асырылып келеді.
Осындай игі істің басында жүрген
жандарға алғыс білдіремін, –

дейді 5 баланың анасы Малика
Сергейқызы.

Айта кетейік, Сыр өңірінде
мұқтаж отбасыларды, көпбалалы
аналарды баспанамен қамту мә-
селесі қай кезде де назардан тыс

қалған емес. Баянды бастамалар
алдағы уақытта да ел әлеуетін
көтеруге дәнекер бола бермек.

А.БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

ҚОНЫСТАРЫҢЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Басы 1-бетте

ШУАҚТЫ КҮННІҢ ШҰҒЫЛАСЫНДАЙ ЖАН ЕДІ

Ескі мен жаңа заманның арасын
жалпаған, жаны даладай кең, көңілі баладай
сенгіш, ұлттық рухтың қайыспас қара
нарындай қариялардың бірі – еңбек және
соғыс ардагері Мұхамедияр Төлегенұлы.
Атамыздың ғибратты өмір жолы кімге
болсын, өнеге мен тәлімнің қайнар бұлағы.
Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, 1
май елді мекенінде дүниеге келіп, кеңес
дәуірінде азамат ретінде қалыптасқан жан-
ның бір ерекшелігі өмірбаянын естелік-
термен бейнелегені. Ол кісі «асыра сөйлеу
болмасын, аша тұяқ қалмасын» дейтін
ұстаныммен өмір сүрген Голощекин елді
басқарған тұстағы ашаршылықты, қатыгез
тағдырдың тауқыметін көрген жан. Қызы
Гүлнар Төлегенованың айтуынша, әкесі
шежіреші де болған. Өз ата-бабасының
тарихын терең зерттеп, әулеттегі от ауызды,
орақ тілді азаматтардың тәлімді өңімесін
перзенттеріне үлгі етіп айтып отырған.
Естеліктерінде сол заманды былайша бей-
нелеген. «Қара халық мандай тер, адал
ақсына не қыстық астығын, не айлық
ақша да ала алмады. Ол кезде айлық жоқ.
Халыққа жыл аяғында еңбеккүнге егіп
күрмек, қалдық берді. Жаз айында дала
кезіп, күнкөрістің қамына кіріспді кетеміз.
Өткен жылғы қырманның сабабын аударып,
суырып, аңызда қалған бірлі-жарым дан
болса соны жинаймыз. Көктемде күршіт қос
қанат самолетпен себеміз деп күршіткінің
жизіне, тақырға сеуіп кетті. Біздер соны
жинап, тақырға шырыпы жағып пісіріп, өзіміз
де жейміз, әке-шешемізге де береміз. Халық
аш, жұмысқа жарамсыз. Талай адамның
аштан өлгенін көзіміз көрді» деп күрсініп
отырады екен. Зайыбы Нысанқұл анамыз
сөзі орнықты, он саусағынан өнері тамған
ісмер болған. Отбасының ризық-несібесін
молайтып, балаларын еңбек етуге баулыған
парасатты жан, өмірге көп перзент әкелген
алтын құрсақты ана атанып, бір ауылдың
берекесін кіргізген ел анасы болды.

Мұхамедияр Төлегенұлы атамыз өз
қойын дәптеріне қалдырған «Өмір өткел-
дері» атты жазбасында өмірін төрт кезеңге
бөліп, бірінші кезеңінде 1921-1922 жылдары
азамат соғысы аяқталғаннан кейін кеңестер
елі ашаршылықта, жер қуаншылықта бол-
ғанын, тойып тамақ ішпегенін қинала айтса,
екінші кезеңде 1930-1933 жылдары 9 жаста
болғанын, шабындық, егістік жерді қайта
бөлу, төркілеу, азық-түлік салығы, күштеп
отырықшыландыру мен жұмысдастыру ба-
рысындағы зорлық-зомбылықтан қазақ хал-
қының көп азап шеккенін шерге толы көңіл-
күймен жазды. Ал өмірінің үшінші кезеңі
1941-1945 жылдардағы Отан соғысымен
түспа-түс келгенін, ол кезде жырғаға



Қарт майдангер сұм соғыстың бастал-
ғаны туралы хабарды қаладағы кітапханада
отырғанда естіді. «Сонымен 1941 жылдың
жазы келіп жетті. Мен июнның 22-сі күні
сағат 10 шамасында қаладағы кітапханада
газет, журнал оқып отырғанмын. Сол күні
демалыс болатын. Бір кезде радио сайрап
қоя берді. Юрий Левитан соғыс басталғаны
жайлы дабылды радиохабарлама жасады.
Соғыс басталды. Төбе шашым тік тұрды.
Қайта-қайта хабарлап жатыр. Халық комис-
сары Вячеслав Молотов сөйледі. Содан
бастап жұрт абыржып, жағдай өзгере баста-
ды. 1941 жылдың 22 маусымында таңғы
сағат 4-те фашистік Германия шабуыл
жасапау туралы келісімді бұзып, соғыс
жарияламастан, сақадай сай тұрған әскері-
мен Кеңес үкіметінің жеріне басып кірді.
Төрт жылға созылған соғыс еліміз үшін
бұрын-соңды бастан кешкен соғыстың ең
ауыры болды» деген жазба қалдырған.

4 жылғы соғыстың сұрапыл өткенінен
қаймықпай өткен атамыз ұрыс даласындағы
қанды шайқас туралы күнделігінде сол
кезеңнің бейнесін, жауынгерлердің ерлігін
көзгі каламгердей бейнелеген.

«Марттың нешесі екені есімде жоқ,
біздерді соғысқа онша жақындатпай,
Украинаның Старобельск деген қаласынан
он бес шақырымдай жерге таңға жакын
әкеліп түсірді. Асығыс түсіп, жарық түскен-

ше қалың ағаштың арасына орналастық.
Немістің самолеттері қаланы түнде бомбалап
кетеді екен. Сонымен ол жерде он шақты
күн дайындалып, өзеннің көпірінен түнде
өткізді. Ұмытпасам Днепр болу керек. Бір
селоға жакын жерден окоп, траншея қазып,
қорғанысқа көштік. Бөлімше болып кепе
қазып алғанбыз. Кезекпен постыға тұрамыз.
Азық-түлік, қару-жарақ күтіп жүргеніміз-
де кенеттен немістер көпірді бомбалап
кетті. Ашыға бастадық. Көктем болғасын
жер лаясан. Алдымыздағы артиллерия
сүйреткен екі аттың бірі батпаққа батып
өлді. Алғашында орыстар атқа жоламады.
Олар аттың етін жемейді ғой. Біздер қазақтар
аттың төрт аяғын кесіп, отқа пісіріп жеп
алдық. Орыстың командирлері қарны ашқан
болуы керек, біздің жертелге келіп, бізбен
ет желді. Кейін жол құрғап, көпір жөнделіп,
азық-түлік келе бастады.

Тағы бір оқиға әлі есімде. Апрельдің
басы болу керек. Харьков қаласын алуға
шабуылдап, Алексеевка, Лозовенка деген
ірі деревняны, тағы бірталай елді мекенді
дүшпаннан азат еттік. Бір күні таңға жакын
бір селоға шабуыл жасадық. Ондай кезде
көбінесе немістер бейқам жататын. Біздер
селоға жақындағанымызда сайдың арғы
бетінен немістер окопта жатып автоматтан
оқ жаудырды. Біздер амалсыз кейін шегініп,
окопка жамбастай жатып, қорғандық. Ол
кезде біз де атысты тоқтатқанбыз. Сөйтіп
жалп көзім ілініп кетіпті. Бір дыбыстан
оынып кетсем, жан-жағымдағы әскерлер
кейін шегініп кетіпті. Алдымда 5-6 танк
келеді. Тұра салып кейін қарай қаштым.
Танк мені қуып келеді. Снаряд ысқырып
келіп біресе оң жағымға, біресе сол жағымға
түседі. Қаңғыған октан қорғанып жата
қаламын. Осы жолы аман қаламын деп
ойлаған жоқпын. Бір кезде снаряд менің
алдымнан он метрдей жерге түсті. Абырой
селоға жарылмай қалды. Деруу тұра
қаштым. Әуірімдеп өз әскеріме қосылдым.
Алла балаларымның жарығы болар, мені
ажалдан құтқарып қалды» деп тебіреніпті
атамыз.

Иә, оқ пен оттың ортасынан аман келіп,
ұлағатты ұрпақ өсірген атамыздың көрме-
ген қиыншылығы жоқ екенін өзінің жазған
қойын дәптеріндегі естелігінен оқыдық.
«Мен Отаным үшін отқа түстім. Жау
қолында жалғыз қалдым. «Өлсем елім үшін
өлемін» деп жау снарядынан қорықпадым.
Жауынгерлік кездерім мені өмірге шыңдап
алып келді. Дос табуды, жаман мен жақсыны
айыруды үйретті. Әр адамда өзіндік мінез-
құлық болатынын білдім. Жау кім, дос
кім ажыратуды ұқтым. Отаныма деген
адалдығым, отбасыма деген мейірімділікке,

еңбекке деген адалдыққа ұласты. Елге
аман-есен оралғаныммен, қимас жауынгер
қаруластарымды жоғалттым. Қанқұйлы
соғыс маған өмірдің қатыгез мектебіндей
болды.»

«Қырық жыл қырғын болса да ажалды
өлер» дегендей, атамыз 1945 жылы жеңісті
Чехословакия жерінде қарсы алыпты.
Араға 1 ай салып Донбасқа жетіпті. Сол
жерде әскери құрылыс бригадасында
жұмыс істеген. Елге деген патриоттық
сезіммен өмір сүрген ардақты жан оны өз
естеліктерінде тебіреніспен жеткізген. Қарт
майдангер халық қаһарманы Бауыржан
Момышұлының бейнесін ұлықтап, әр сөзін
жүректе сақтаған. Ғибратты, қанатты сөз-
дерін қағазға түсіріп, өміріне бағдаршам
еткен. «Біздің тарихымыз батырға бай
тарих, халқымыз батырлықты биік дәріп-
теп, азаматтық пен кісіліктің символы
санаған. Батырлық, ерлік деген ұрпақтан-
ұрпаққа ата дәстүр болып қала бермек.
Өйткені білмеген, тәлім-тәрбие, ғибрат
алмаған халықтың ұрпағы – түл, келешегі –
тұрлаусыз. Біздің қазақ халқы батыр
халық» деген болатын ұлт ардақтысы
Бауыржан бабамыз.

Атамыз жайлы бірге қызмет жасаған
кісілер өте керемет естеліктермен бөлісіп,
ол кісінің сан қасиетін тізіп, газет-журналды,
кітапты көп оқитынын айтады. Соның әсері
болар, сөз саптауы ерекше, сөздік қоры
мол, ана тіліндегі мақал-мәтелдер мен ше-
шендік сөздерді орнымен пайдаланғанын
жеткізді. Ақынжанды, асыл жүректі жанның
майданнан өлеңмен жолдаған хаттарының
өзі тарихтың көмбесі дерсіз.

Ғибратты жан болыпты-ау атамыз,
Елге тұлға, ағайынға аты аңыз.
Бәйтеректей өсіп-өнген ұрпаққа,
Қабыл болып жатыр сіздің бағаңыз.
Мұра болған сізден бізге ұлағат,
Жан дүниен ата, асыл мұрағат.
Жалғастырып жатыр сіздің жолыңды,
Өзіңізден тарап жатқан жұрағат.
Сіздер жүрген қие қара шаңырақ,
Бос қалған жоқ қаңырап.
Жеңіс күні сіздерді еске аламыз,
Бағышталған дұғаларды қабыл ап.

Осы бір жүрген шыққан жыр жол-
дарын арнай отырып, тұлғасы туымды,
ғұмыры парасатты, бейнесі нұрлы,
рухы мықты, тағылымы теңіздей терең
болған атамыздың жаны жәннатта,
иманы кәміл, топырағы торқа болсын деп
өзінен тараған бүкіл ұрпақтары атынан
дұға етеміз. Мәңгілік мекенін жұмақтан
болғай, аяулы ата!

Мұхамедияр әулеті

ЫСТЫҚ НАННЫҢ ИСІ



Осы бағытта өңірде қолайлы инвестициялық орта қалыптасып,
ауқымды жобалар жүзеге асырылып келеді. Соңғы үш жылда
аймақ экономикасына 1 триллион 600 миллиард теңгеге жуық
инвестиция тартылды. Биылдың өзінде 631 миллиард 400
миллион теңге көлемінде қаржы тарту көзделсе, оның 8 айдағы
орындалуы 408 миллиард теңгені құрап, Қызылорда облысы
республика бойынша бірінші орынға шықты. Бұл – орындалып
жатқан үздіксіз еңбектің жемісі. Жыл соңына дейін жаңа
жобаларды іске қосу арқылы жоспар көлемі 716 миллиард теңгеге
дейін артады деп күтілуде.

Сонымен қатар облыс әкімі тікелей шетелдік инвестиция тарту
бағытындағы нәтижелерге тоқталды. Биыл 280 миллион АҚШ
долларын тарту жоспарланып, оның 62 пайызы орындалған.

– Бүгін біз өңір экономикасын әртараптандыруға үлес
қосатын жаңа өндіріс – «Қызылорда-Нан» серіктестігінің нан
өнімдері кешенінің ашылуында бас қосып отырмыз. Баршаңызды
осы қуанышты сәтпен шын жүректен құттықтаймын. Жобаға
атсалысқан инвесторларға, құрылысшыларға және серіктес
ұйымдарға ризашылығымды білдіремін. Кәсіпорынның жұмысы
табысты, өндірісі берекелі болсын, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Салтанатты рәсім барысында облыстық ардагерлер кеңесінің
төрағасы Серік Дүйсенбаев құттықтау лебізін білдірді, іс-шара
барысында аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі
үлес қосқан меценат Нейля Жүсіпова Қызылорда облысының
Құрмет грамотасымен марапатталды. Сондай-ақ кәсіпорын
қызметкерлеріне облыс әкімінің Алғыс
хаты табысталды.


Айта кетейік, Қызылордада
алғашқы нан зауыты 1957
жылы іске қосылып,
1995 жылға дейін
қала тұрғындарын
сапалы өніммен
қамтамасыз еткен
еді. Араға отыз
жыл салып, сол
дәстүр қайта
жаңғырып
отыр.

Жалпы
құны 5,6 мил-
лиард теңгені
құрайтын жаңа
кешен – тек
өндірістік емес,
әлеуметтік маңызы
зор нысан. Мұнда
бүгінде 120 адам еңбек
етуде, алдағы уақытта
бұл көрсеткіш 170 адамға
дейін ұлғаяды. Мемлекеттік қол-
дау аясында кәсіпорынға 5 гектар
жер телімі бөлініп, қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз
етілген. Сонымен бірге 1,2 миллиард теңге жеңілдетілген
несие беріліп, оның пайыздық мөлшерлемесі субсидияланды.
Жобаның бірінші кезеңінде 3,1 миллиард теңгеге заманауи, толық
автоматтандырылған төрт өндірістік цех іске қосылған. Ал келесі
жылы екінші кезең аясында 2,5 миллиард теңгеге үн комбинатын
салу жоспарланып отыр.



Айдана БАХТИЯР

Басы 1-бетте



Меншік иесі:

СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтанның көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат
комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті
жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі,
деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі
ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік
басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында
басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына
хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3978

Тапсырыс №1729

Нөмірдің кезекші редакторы Айтқолжан АЙТЖАНОВА